

**Жиынтық бағалауға арналған
әдістемелік ұсыныстар**

**Дүниетану
3-сынып**

Әдістемелік ұсыныстар мұғалімге 3-сынып білім алушыларына «Дүниетану» пәні бойынша жиынтық бағалауды жоспарлау, ұйымдастыру және өткізуге көмек құралы ретінде құрастырылған. Әдістемелік ұсыныстар (қазақ тілінде білім беретін) бастауыш сыныптың (1-4-сыныптары) «Дүниетану» пәні бойынша оқу бағдарламасы (орта білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы) мен оқу жоспарының негізінде дайындалған.

Бөлім / ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалаудың тапсырмалары мұғалімге білім алушылардың тоқсан бойынша жоспарланған оқу мақсаттарына жету деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Әдістемелік ұсыныстарда бөлім / ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалауды өткізуге арналған бағалау критерийлері мен дескрипторлары бар тапсырмалар ұсынылған. Сондай-ақ, жинақта білім алушылардың оқу жетістіктерінің мүмкін деңгейлері (рубрикалар) сипатталған. Тапсырмалар мен рубрикалар ұсыныс түрінде берілген.

Тоқсандық жиынтық бағалауды өткізу үшін спецификацияда тапсырма үлгілері мен балл қою кестесі ұсынылған. Спецификация стандартталған және оны тоқсандық жиынтық бағалауды өткізуде басшылыққа алу міндеттелген.

Әдістемелік ұсыныстар бастауыш сынып мұғалімдеріне, мектеп әкімшілігіне, білім беру бөлімінің әдіскерлеріне, критериалды бағалау бойынша мектеп, өңірлік үйлестірушілеріне және басқа да мүдделі тұлғаларға арналған.

Әдістемелік ұсыныстарды дайындау барысында ресми интернет-сайттағы қолжетімді ресурстар (суреттер, фотосуреттер, мәтіндер, аудио және бейнематериалдар) қолданылды.

Мазмұны

1-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР	4
«Жанды табиғат» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау	4
«Жақсыдан үйрен, жаманан жирен» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау.....	7
1-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУДЫҢ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ	10
2-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР	16
«Уақыт» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау.....	16
«Сәулет өнері» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау.....	19
2-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУДЫҢ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ	22
3-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР	28
«Өнер» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау	28
«Атақты тұлғалар» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау.....	31
3-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУДЫҢ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ	34
4-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР	40
«Су – тіршілік көзі» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау	40
«Демалыс мәдениеті. Мерекелер» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау	44
4-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУДЫҢ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ	47

1-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

«Жанды табиғат» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау

Бөлімше	2.2 Климат және ауа райы 2.3 Табиғи жағдайлар және олардың әсері
Оқу мақсаты	3.2.2.1 Жер климатының негізгі түрлерінің сипаттамаларын анықтау 3.2.2.2 Ауа райы қолайсыз жағдайларда өзін-өзі ұстау ережелерін құрастыру 3.2.3.1 Адамдардың табиғи жағдайларға байланысты орналасуын талдау (рельеф, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су нысандары)
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">• Жер климатының негізгі түрлерін анықтайды• Қолайсыз ауа райы кезінде өзін-өзі ұстау ережелерін құрастырады• Адамдардың қоныстануына әсер ететін табиғи жағдайларды анықтайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну Қолдану
Орындау уақыты 1-тапсырма Сұрақтарға жауап жаз.	20 минут

1) Жер бетінде қандай негізгі климаттық белдеулер бар?

2) Ең ыстық климаттық белдеу қайсы?

3) Қазақстан қандай климаттық белдеуде орналасқан?

2-тапсырма

Көктайғақ кезінде қандай қауіпсіздік ережелерін сақтау керек? 2 ереже жаз.

1) _____

2) _____

3-тапсырма

Суреттерге мұқият қара. Адамдардың қоныстануына қолайлы жерді белгіле (✓).



Неліктен? _____

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Жер климатының негізгі түрлерін анықтайды	1	негізгі климаттық белдеулерді атайды (екіден кем емес);	1
		ең ыстық климаттық белдеуді анықтайды;	1
		Қазақстанның климаттық белдеуін анықтайды;	1
Қолайсыз ауа райы кезінде өзін-өзі ұстау ережелерін құрастырады	2	көктайғақ кезіндегі қауіпсіздік ережесін құрастырады:	
		1-ереже 2-ереже	1 1
Адамдардың қоныстануына әсер ететін табиғи жағдайларды анықтайды	3	адамдардың қоныстануына қолайлы жерді анықтайды;	1
		адамдардың қоныстануына қолайлы табиғи жағдайларды атайды.	1
Барлығы			7

**«Жанды табиғат» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат
ұсынуға арналған рубрика**

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Жер климатының негізгі түрлерін анықтайды	1	Жер климатының негізгі түрлерін атауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Жер климатының негізгі түрлерін атауда/Қазақстанның климаттық белдеуін анықтауда қателеседі. <input type="checkbox"/>	Жер климатының негізгі түрлерін дұрыс атайды. <input type="checkbox"/>
Қолайсыз ауа райы кезінде өзін-өзі ұстау ережелерін құрастырады	2	Қолайсыз ауа райы жағдайларында өзін-өзі ұстау ережелерін құрастыруда қиналады. <input type="checkbox"/>	Қолайсыз ауа райы жағдайларында өзін-өзі ұстау ережелерін құрастыруда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Қолайсыз ауа райы жағдайларында өзін-өзі ұстау ережелерін дұрыс құрастырады. <input type="checkbox"/>
Адамдардың қоныстануына әсер ететін табиғи жағдайларды анықтайды	3	Адамдардың қоныстануына әсер ететін табиғи жағдайларды анықтауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Адамдардың қоныстануына қолайлы жерлерді анықтауда/ оған әсер ететін табиғи жағдайларды атауда қателеседі. <input type="checkbox"/>	Адамдардың қоныстануына әсер ететін табиғи жағдайларды анықтайды. <input type="checkbox"/>

«Жақсыдан үйрен, жаманан жирен» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау

Бөлімше	1.5 Құқық және міндет 1.2 Мектеп және мектеп қауымдастығы
Оқу мақсаты	3.1.5.1 Қазақстан Республикасының Конституциясының маңызын түсіндіру 3.1.2.3 Қоғамда өзін-өзі ұстау әдеп нормаларын түсіндіру 3.1.2.4 Өз тәжірибесінен мысал келтіре отырып, адамдар арасындағы достықтың маңыздылығын дәлелдеу
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">• Қазақстан Республикасы азаматтарының құқығы мен міндетін ажыратады• Қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау ережелерін анықтайды және түсіндіреді• Адамдар арасындағы достықтың маңыздылығын түсіндіреді

Ойлау дағдыларының деңгейі Білу және түсіну
Қолдану

Орындау уақыты 15 минут
1-тапсырма Қазақстан азаматтарының міндеттерін белгіле (✓).




Мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарау

Өзінің қауіпсіздігі мен денсаулығын қорғау

Табиғат байлықтарына қамқорлықпен қарау

2-тапсырма

1) Театрдағы тәртіп ережесі **сақталмаған** суреттерді белгіле (✓).



2) Қоғамдық орындарда өзін -өзі ұстауға арналған 1 ереже құрастырып жаз.

3) Қоғамдық орындарда әдептілік ережелерін сақтау неліктен маңызды? Түсіндір.

3-тапсырма

«Ағаш тамырымен, адам достарымен мықты» деген мақалды қалай түсінесің? Жаз.

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор <i>Білім алушы</i>	Балл
Қазақстан Республикасы азаматтарының құқығы мен міндетін ажыратады	1	азаматтардың конституциялық міндетін анықтайды (1)	1
		азаматтардың конституциялық міндетін анықтайды (2)	1
Қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау ережелерін анықтайды және түсіндіреді	2	театрдағы тәртіп ережесі сақталмаған суреттерді анықтайды: 1-сурет 2-сурет	1 1
		қоғамдық орындардағы өзін-өзі ұстау ережесін құрастырады;	1
		қоғамдық орындардағы әдеп нормаларының маңызын түсіндіреді;	1
Адамдар арасындағы достықтың маңыздылығын түсіндіреді	3	өз көзқарасын білдіре отырып, мақалдың мағынасын түсіндіреді.	1
Барлығы			7

«Жақсыдан үйрен, жаманан жирен» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Қазақстан Республикасы азаматтарының құқығы мен міндетін ажыратады	1	ҚР азаматтарының құқықтары мен міндеттерін ажыратуда қиналады. <input type="checkbox"/>	ҚР азаматтарының құқықтары мен міндеттерін ажыратуда қателеседі. <input type="checkbox"/>	ҚР азаматтарының құқықтары мен міндеттерін дұрыс ажыратады. <input type="checkbox"/>
Қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау ережелерін анықтайды және түсіндіреді	2	Қоғамдық орындардағы өзін-өзі ұстау ережелерін анықтауда және маңызын түсіндіруде қиналады. <input type="checkbox"/>	Қоғамдық орындардағы өзін-өзі ұстау ережелерін анықтауда/ өзін-өзі ұстау ережесін құрастыруда/ әдеп нормаларын сақтаудың маңызын түсіндіруде қателеседі. <input type="checkbox"/>	Қоғамдық орындардағы өзін-өзі ұстау ережелерін анықтайды және маңызын түсіндіреді. <input type="checkbox"/>
Адамдар арасындағы достықтың маңыздылығын түсіндіреді	3	Мақалдың мағынасын түсіндіруде қиналады. <input type="checkbox"/>	Мақалдың мағынасын түсіндіруде қателеседі. <input type="checkbox"/>	Мақалдың мағынасын түсіндіреді. <input type="checkbox"/>

1-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУДЫҢ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

1. Тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мақсаты

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес білім алушылардың оқу мақсаттарына жеткендігін тексеруге және тоқсан барысында меңгерген білім, білік және дағдыларын анықтауға бағытталған.

Спецификация 3-сыныпта «Дүниетану» пәнінен тоқсандық жиынтық бағалаудың мазмұны мен өткізу рәсімін сипаттайды.

2. Тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мазмұнын анықтайтын құжаттар

«Дүниетану» пәні бойынша (орта білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы) бастауыш мектепке арналған оқу бағдарламасы (1 - 4-сыныптар).

3. 1-тоқсан бойынша жиынтық бағалауға шолу

3.1 Ұзақтығы – 40 минут

Балл саны - 16

3.2 Жиынтық бағалаудың құрылымы

Тоқсан бойынша жиынтық бағалауда әртүрлі: көп таңдауы бар, қысқа және толық жауапты қажет ететін тапсырмалар қолданылады.

Көп таңдауы бар тапсырмаларда білім алушы ұсынылған жауап нұсқаларынан дұрысын таңдайды.

Қысқа жауапты қажет ететін тапсырмаларға білім алушы сөздер немесе сөйлемдер түрінде жауап береді.

Толық жауапты қажет ететін тапсырмаларда максималды балл жинау үшін білім алушыдан тапсырманың шешімін табудың әр қадамын анық көрсетуі талап етіледі.

Тапсырма бірнеше құрылымдық бөліктерден/сұрақтардан тұруы мүмкін.

Берілген нұсқа көп таңдауы бар, қысқа және толық жауапты қажет ететін 5 тапсырмадан тұрады.


Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы

№	Ортақ тақырып	Бөлімше	Оқу мақсаты	Тапсырманың сипаттамасы	Тапсырма саны	Жалпы балл
1	Жанды табиғат	2.2 Климат және ауа-райы	3.2.2.1 Жер климатының негізгі түрлерінің сипаттамаларын анықтау	Білім алушы ашық түрдегі толық жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	2
			3.2.2.2 Ауа райы қолайсыз жағдайларда өзін-өзі ұстау ережелерін құрастыру		1	3
		1.4 Денсаулық пен қауіпсіздік	3.1.4.3 Түрлі дереккөздер негізінде табиғи ортадағы қауіп-қатерлерді анықтау және бағалау	Білім алушы ашық түрдегі қысқа жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	3
2	Жақсыдан үйрен, жаманан жирен	3.5 Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттілік және патриотизм	3.3.5.2 Тұлғаның, отбасының, қоғам мен мемлекеттің дамуындағы еңбектің рөлін түсіндіру	Білім алушы жабық түрдегі көп таңдауы бар тапсырманы орындайды.	1	4
		1.5 Құқық және міндет	3.1.5.1 Қазақстан Республикасының Конституциясының маңызын түсіндіру	Білім алушы ашық түрдегі қысқа жауапты талап ететін тапсырманы орындайды.	1	4
Барлығы					5	16

4. Тапсырма үлгілері және балл қою кестесі

«Дүниетану» пәнінен 1-тоқсанға арналған жиынтық бағалаудың тапсырмалары


1. Картада көрсетілген климаттық белдеуді анықта.



- Осы климаттық белдеуді сипаттап жаз.

[2]

2. Найзағай ойнаған кезде өзінді қалай ұстауың керек? Суретке қарап, 3 қауіпсіздік ережесін құрастыр.



1)



2)



3)

1) _____
2) _____
3) _____

[3]

3. Табиғи ортада адамға төнуі мүмкін болатын 3 қауіп-қатерді тауып, қоршап сыз.

УЛЫ ӨСІМДІКТЕРМЕН УЛАНУ ШЫҚТЫҢ ТҮСУІ КҮН КӨЗІ
КӨКТЕМНІҢ КЕЛУІ ЖӘНДІКТЕРДІҢ ШАҒУЫ
ТАҒНЫҢ АТУЫ ЖАРАҚАТТАНУ ДЕМАЛУ

[3]

4. Адам, отбасы, мемлекет үшін еңбектің қандай маңызы бар? Дұрыс тұжырымдарды белгіле (✓).

- 1) Еңбек адамның дамуын тежейді.
- 2) Еңбек арқылы адам рухани дамиды.
- 3) Еңбек жақсы оқуға кедергі жасайды.
- 4) Еңбектің арқасында еліміздің жағдайы жақсарады.
- 5) Еңбек арқылы адамдар өзара сыйласады, бір-біріне көмектеседі.
- 6) Еңбектің арқасында адам өміріне қажетті нәрселерге қол жеткізеді.

[4]

5. Сұрақтарға жауап бер.

1) Қазақстан азаматтарының құқықтары мен міндеттері қай құжатта жазылған?

2) Қазақстан Республикасының Конституциясы қашан қабылданды? Белгіле (✓).

1993 жылы 15 қараша	1991 жылы 16 желтоқсан	1995 жылы 30 тамыз
------------------------	---------------------------	-----------------------

3) Қазақстан азаматтары қандай құқықтарға ие? Қандай міндеттерді орындауы керек? Әрқайсысына 1мысал келтіріп жаз.

Құқығы: _____

Міндеті: _____

[4]

Балл қою кестесі

№	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
	қоңыржай белдеу/қоңыржай	1	
1	<i>Білім алушының ықтимал жауабы:</i> Қоңыржай белдеуде 4 жыл мезгілі анық байқалады/Қоңыржай белдеудің ауа райы ылғалды және жылы болып келеді/ Ауа райы маусым бойынша ауысып отырады/Адамдардың өмір сүруіне қолайлы/...	1	Тапсырманың мазмұнына сәйкес баламалы, қысқа және толық жауаптар қабылданады.
2	Суқойма жағалауынан алыстау керек/ Өзен, көлдердің жағасында тұрмау керек/ Суға түсіп жүрсеңіз немесе қайықта отырсаңыз тез арада жағаға шығу керек ...	1	Тапсырманың мазмұнына сәйкес баламалы, қысқа және толық жауаптар қабылданады.
	Суы жоқ, құрғақ шұңқырлар мен жыраларға жасырыну керек/жартастарға сүйенбеу керек/	1	
	Ағашқа шығу, ағаштың түбінде тұру қауіпті/ Биік ағаштарға, электр желісінің бағаналарына жақындамау керек/Орманды жерде бұтағы мол, аласа ағаштың түбіне жасырынуға болады...	1	
3	улы өсімдіктермен улану	1	
	жарақаттану	1	
	жәндіктердің шағуы	1	
4	1) Еңбек адамның дамуын тежейді. <input type="checkbox"/> 2) Еңбек арқылы адам рухани дамиды. <input checked="" type="checkbox"/> 3) Еңбек жақсы оқуға кедергі жасайды. <input type="checkbox"/> 4) Еңбектің арқасында еліміздің жағдайы жақсарады. <input checked="" type="checkbox"/> 5) Еңбек арқылы адамдар өзара сыйласады, бір-біріне көмектеседі. <input checked="" type="checkbox"/> 6) Еңбектің арқасында адам өміріне қажетті нәрселерге қол жеткізеді. <input checked="" type="checkbox"/>	4	Әр дұрыс жауапқа 1 балл қойылады.
5	Конституция/Ата заң	1	Тапсырманың мазмұнына сәйкес баламалы, қысқа және толық жауаптар қабылданады
	1995 жыл 30 тамыз	1	
	Өмір сүру/еңбек ету/демалу/тегін білім алу/емделу/жеке бас еркіндігі...	1	
	Мемлекеттік рәміздерді құрметтеу/тарихи мұраларды сақтау/елімізді қорғау/табиғатты қорғау/жауапкершілікті сақтау/...	1	
Барлығы		16	

5. Тоқсан бойынша жиынтық бағалауды өткізу ережелері

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау кезінде кабинетіңіздегі көмек ретінде қолдануға мүмкін болатын кез келген көрнекі құралдарды (диаграммалар, кестелер, постерлер, плакаттар немесе карталарды) жауып қойған дұрыс.

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау басталмас бұрын алғашқы бетінде жазылған нұсқау оқылып, білім алушыларға жұмыстың орындалу ұзақтығы хабарланады. Білім алушыларға жұмыс барысында бір-бірімен сөйлесулеріне болмайтындығы ескертіледі. Нұсқаулықпен таныстырып болғаннан кейін білім алушыларға тоқсан бойынша жиынтық бағалау басталғанға дейін түсінбеген сұрақтарын қоюға болатындығы туралы айтылады.

Білім алушылардың жұмысты өздігінен орындап жатқандығына, жұмысты орындау барысында көмек беретін қосымша ресурстарды, мысалы: сөздіктер немесе калькуляторлар (спецификацияда рұқсат берілген жағдайлардан басқа уақытта) пайдалануларына мүмкіндіктерінің жоқ екендігіне көз жеткізіледі. Олардың жұмыс уақытында бір-біріне көмектесулеріне, көшіріп алуларына және сөйлесулеріне болмайтындығы ескертіледі.

Білім алушыларға дұрыс емес жауапты өшіргішпен өшірудің орнына, қарындашпен сызып қою ұсынылады.

Жұмыс барысында нұсқаулыққа немесе жұмыстың ұзақтығына қатысты білім алушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беруге болады. Жекелеген білім алушыларға көмек беруге негізделген кез келген ақпаратты оқуға, айтуға, өзгертіп айтуға немесе көрсетуге тыйым салынады.

Тоқсандық жиынтық бағалаудың аяқталуына 5 минут уақыт қалғандығын үнемі хабарлап отыру қажет.

Тоқсандық жиынтық бағалау аяқталғаннан кейін білім алушылардан жұмыстарын тоқтатып, қалам/қарындаштарын партаның үстіне қоюларын өтіну керек.

6. Модерация және балл қою

Барлық мұғалімдер балл қою кестесінің бірдей нұсқасын қолданады. Модерация үдерісінде бірыңғай балл қою кестесінен ауытқушылықты болдырмау үшін жұмыс үлгілерін балл қою кестесіне сәйкес тексеру қажет.

2-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

«Уақыт» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау

Бөлімше	1.1 Мен және менің отбасым 1.4 Денсаулық пен қауіпсіздік 3.1 Ежелгі мәдениеттер мен өркениеттер
Оқу мақсаты	3.1.1.1 Отбасы мүшелерінің арасындағы туыстық қатынастарды түсіндіру 3.3.1.1 Көшпелі және отырықшы өмір салтының ерекшеліктерін түсіндіру 3.3.1.2 Тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтау маңыздылығын түсіндіру
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">• Отбасы мүшелерінің арасындағы туыстық қатынастарды ажыратады• Көшпелі және отырықшы өмір салтына тән ерекшеліктерді сипаттайды• Тарихи ескерткіштерді сақтаудың маңыздылығын сипаттайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну Қолдану
Орындау уақыты	15минут

1-тапсырма

Төменде берілген туыстық атауларға сен кім боласың? Сызбаға туыстық атауларды жаз.

әкең мен анаң	→	...
атаң мен әжеңе	→	...
аға, әпкелеріңе	→	...

2-тапсырма

Көшпелі және отырықшы өмір салтына тән ерекшеліктерді анықта және сәйкестендір.

- 1) Егіншілікпен айналысу
- 2) Мал өсірумен айналысу
- 3) Тұрақты бір жерде өмір сүру
- 4) Жайылымды ауыстырып отыру

КӨШПЕЛІ

ОТЫРЫҚШЫ

3-тапсырма

Тарихи және мәдени ескерткіштерді неліктен сақтау керек? Түсіндір.

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Отбасы мүшелерінің арасындағы туыстық қатынастарды ажыратады	1	ата-анаға қатысты туыстық атауды анықтайды;	1
		ата-әжеге қатысты туыстық атауды анықтайды;	1
		бауырларына қатысты туыстық атауды анықтайды;	1
Көшпелі және отырықшы өмір салтына тән ерекшеліктерді сипаттайды	2	көшпелі өмір салтына тән ерекшеліктерді анықтайды: - бірінші; - екінші;	1 1
		отырықшы өмір салтына тән ерекшеліктерді анықтайды: - бірінші; -екінші;	1 1
Тарихи ескерткіштерді сақтаудың маңыздылығын сипаттайды	3	тарихи ескерткіштерді сақтаудың маңыздылығы туралы дәлелді ой қорытады.	1
Барлығы			8

**«Уақыт» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға
ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Отбасы мүшелерінің арасындағы туыстық қатынастарды ажыратады	1	Отбасы мүшелерінің арасындағы туыстық қатынастарды анықтауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Отбасы мүшелерінің арасындағы туыстық қатынастарды анықтауда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Отбасы мүшелерінің арасындағы туыстық қатынастарды дұрыс анықтайды. <input type="checkbox"/>
Көшпелі және отырықшы өмір салтына тән ерекшеліктерді сипаттайды	2	Көшпелі және отырықшы өмір салтына тән ерекшеліктерді анықтауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Көшпелі/отырықшы өмір салтына тән ерекшеліктерді анықтауда қателеседі. <input type="checkbox"/>	Көшпелі және отырықшы өмір салтына тән ерекшеліктерді дұрыс анықтайды. <input type="checkbox"/>
Тарихи ескерткіштерді сақтаудың маңыздылығын сипаттайды	3	Тарихи және мәдени ескерткіштерді сақтаудың маңыздылығын сипаттауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Тарихи және мәдени ескерткіштерді сақтаудың маңыздылығын сипаттауда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Тарихи және мәдени ескерткіштерді сақтаудың маңыздылығын сипаттайды. <input type="checkbox"/>

«Сәулет өнері» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау

Бөлімше	1.3.Менің атамекенім 2.1 Жергілікті жерде бағдарлану
Оқу мақсаты	3.1.3.1 Елді мекендерді түрлі белгілері бойынша ажырату (тип, көлемі, қызметі) 3.2.1.1 Астрономиялық белгілер бойынша көкжиек бағыттарын анықтау
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none"> • Елді мекендердің түрлерін ажыратады • Көкжиек тұстарын астрономиялық белгілер арқылы анықтайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну Қолдану
Орындау уақыты	20 минут

1-тапсырма

Суреттерге мұқият қара. Ауыл мен қалаға тән белгілерді жаз.




Ауыл	Қала

2-тапсырма

Мәтінді түсініп оқы.

Кіші Жетіқарақшы шоқжұлдызындағы қозғалмайтын, үлкен әрі жарық жұлдыз Темірқазық деп аталады. Ол арқылы көкжиектің тұстарын анықтауға болады. Темірқазық үнемі солтүстікті көрсетіп тұрады.

- Суреттен ең үлкен және жарық жұлдызды тауып, атауын жаз. Мәтіндегі ақпараттарға сүйеніп, көкжиектің негізгі тұстарын анықта және жаз.



Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Елді мекендердің түрлерін ажыратады	1	ауылға тән белгілерді сипаттайды;	1
		қалаға тән белгілерді сипаттайды;	1
Көкжиек тұстарын астрономиялық белгілер арқылы анықтайды	2	Темірқазық жұлдызын анықтайды;	1
		көкжиектің негізгі тұстарын анықтайды:	
		- солтүстік	1
		- оңтүстік	1
		- шығыс	1
- батыс	1		
Барлығы			7

«Сәулет өнері» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Елді мекендердің түрлерін ажыратады	1	Түрлі белгілері бойынша елді мекендерді ажыратуда қиналады. <input type="checkbox"/>	Ауылға/қалаға тән белгілерді анықтауда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Түрлі белгілері бойынша елді мекендерді дұрыс ажыратады. <input type="checkbox"/>
Көкжиек тұстарын астрономиялық белгілер арқылы анықтайды	2	Астрономиялық белгілер арқылы көкжиек тұстарын анықтауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Астрономиялық белгілер арқылы көкжиектің тұстарын анықтауда қателеседі. <input type="checkbox"/>	Астрономиялық белгілер арқылы көкжиек тұстарын дұрыс анықтайды. <input type="checkbox"/>

2-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУДЫҢ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

1. Тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мақсаты

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес оқушылардың оқу мақсаттарына жеткендігін тексеруге және тоқсан барысында меңгерген білім, білік және дағдыларын анықтауға бағытталған.

Спецификация 3-сыныпта «Дүниетану» пәнінен тоқсандық жиынтық бағалаудың мазмұны мен өткізу рәсімін сипаттайды.

2. Тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мазмұнын анықтайтын құжаттар

«Дүниетану» пәні бойынша (орта білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы) бастауыш мектепке арналған оқу бағдарламасы (1 - 4-сыныптар).

3. 2-тоқсан бойынша жиынтық бағалауға шолу

3.1 Ұзақтығы – 40 минут

Балл саны - 16

3.2 Жиынтық бағалаудың құрылымы

Тоқсан бойынша жиынтық бағалауда әртүрлі: көп таңдауы бар, қысқа және толық жауапты қажет ететін тапсырмалар қолданылады.

Көп таңдауы бар тапсырмаларда білім алушы ұсынылған жауап нұсқаларынан дұрысын таңдайды.

Қысқа жауапты қажет ететін тапсырмаларға білім алушы сөздер немесе сөйлемдер түрінде жауап береді.

Толық жауапты қажет ететін тапсырмаларда максималды балл жинау үшін білім алушыдан тапсырманың шешімін табудың әр қадамын анық көрсетуі талап етіледі.

Тапсырма бірнеше құрылымдық бөліктерден/сұрақтардан тұруы мүмкін.

Берілген нұсқа көп таңдауы бар, қысқа және толық жауапты қажет ететін 5 тапсырмадан тұрады.

Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы

№	Ортақ тақырып	Бөлімше	Оқу мақсаты	Тапсырманың сипаттамасы	Тапсырма саны	Жалпы балл
1	Уақыт	1.4 Денсаулық пен қауіпсіздік	3.1.4.2 Спорт түрлерін топтастыру, спорттың қандай да бір түрімен айналысу үшін қажетті негізгі және өзінің қабілеттерін анықтау	Білім алушы ашық түрдегі қысқа жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	2
		3.1 Ежелгі мәдениеттер мен өркениеттер	3.3.1.1 Көшпелі және отырықшы өмір салтының ерекшеліктерін түсіндіру	Білім алушы ашық түрдегі толық жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	4
2	Сәулет өнері	2.3 Табиғи жағдайлар және олардың әсері	3.2.3.1 Адамдардың табиғи жағдайларға байланысты орналасуын талдау (рельеф, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су нысандары)		1	3
		2.4 Туризм	3.1.3.2 Қала мен ауылдың байланысын зерттеу, мысалдар келтіру		Білім алушы ашық түрдегі қысқа жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1
		2.1 Жергілікті жерде бағдарлану	3.2.1.1 Астрономиялық белгілер бойынша көкжиек бағыттарын анықтау	Білім алушы ашық түрдегі толық жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	5
Барлығы					5	16

4. Тапсырма үлгілері және балл қою кестесі


«Дүниетану» пәнінен 2-тоқсанға арналған жиынтық бағалаудың тапсырмалары

1. Кез келген спорт түрімен айналысу үшін нені ескеру керек? Спорт түрін таңдау кезінде ескерілетін 2 ерекшелікті жаз.

- 1) _____
2) _____

[2]

2. Көшпелі өмір салтын бейнелейтін суреттерді белгіле (✓).



- Қалған суреттерді пайдаланып, отырықшы өмір салтын сипаттап жаз.


- 1) _____
2) _____
3) _____

[4]

3. Суреттерге қара. Адамдардың қоныстануына қолайлы жерлерді белгіле (✓). Себебін түсіндір.



шөлді жерлер



жазық жерлер




таулы жерлер



өзен жағалауы


[3]

4. Ауыл мен қаланың арасындағы байланысқа мысал келтір. Олар бір-біріне қалай көмектеседі? Жаз.



[2]

5. Көкжиектің тұстарын Күнге қарап қалай анықтайды? Суретке сүйеніп, сипаттап жаз. Суретке көкжиектің тұстарын жаз.



[5]

Балл қою кестесі

№	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
1	<i>Білім алушылардың ықтимал жауабы</i> Адамның жасы/жынысы/денсаулығы/ қызығушылығы	2	Тапсырманың мазмұнына сәйкес баламалы жауаптар қабылданады. Әр дұрыс жауапқа 1 балл қойылады.
2		1	Кемінде 2 сурет белгіленуі тиіс.
	қолөнерімен айналысқан	1	Тапсырманың мазмұнына сәйкес баламалы дұрыс жауаптар қабылданады.
	егіншілікпен айналысқан	1	
	балық аулаумен айналысқан	1	
3	 <p>шөлі жер <input type="checkbox"/> жазық жер <input checked="" type="checkbox"/> таулы жер <input type="checkbox"/> өзен көл жағалауы <input checked="" type="checkbox"/></p>	2	Әр дұрыс жауапқа 1 балл қойылады.
	<i>Білім алушылардың ықтимал жауаптары:</i> Өйткені, жазық жерлер мен өзен жағалауы мал өсіруге, үй салуға, егін егуге қолайлы/ Өзен, көлдерден ауыз су алады/ Өзеннен балық аулайды, балық шаруашылығымен айналысады.	1	Тапсырманың мазмұнына сәйкес баламалы, қысқа және толық жауаптар қабылданады.
4	Қала ауылға дайын өнімдер береді/Мәшине, тракторлармен қамтамасыз етеді/Мамандық иелерін дайындайды/...	1	
	Ауыл қалаға ауыл шаруашылық өнімдерін: сүт, ет, жеміс-жидек, көкөніс, астық, жүн, тері т.б. береді.	1	
5		4	Көкжиектің дұрыс анықталған әр тұсы үшін 1 балл қойылады.

	<p><i>Білім алушының ықтимал жауабы:</i> Тал түсте Күнге арқанды беріп, қолыңды екі жаққа созып тұру керек. Сонда көлеңке түскен жақ солтүстікті, арқа жағың оңтүстікті білдіреді. Оң қол жақ шығысты, сол қол жақ батысты көрсетеді.</p>	1	Тапсырманың мазмұнына сәйкес баламалы дұрыс жауап қабылданады.
Барлығы		16	

5. Тоқсан бойынша жиынтық бағалауды өткізу ережелері

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау кезінде кабинетіңіздегі көмек ретінде қолдануға мүмкін болатын кез келген көрнекі құралдарды (диаграммалар, кестелер, постерлер, плакаттар немесе карталарды) жауып қойған дұрыс.

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау басталмас бұрын алғашқы бетінде жазылған нұсқау оқылып, білім алушыларға жұмыстың орындалу ұзақтығы хабарланады. Білім алушыларға жұмыс барысында бір-бірімен сөйлесулеріне болмайтындығы ескертіледі. Нұсқаулықпен таныстырып болғаннан кейін білім алушыларға тоқсан бойынша жиынтық бағалау басталғанға дейін түсінбеген сұрақтарын қоюға болатындығы туралы айтылады.

Білім алушылардың жұмысты өздігінен орындап жатқандығына, жұмысты орындау барысында көмек беретін қосымша ресурстарды, мысалы: сөздіктер немесе калькуляторлар (спецификацияда рұқсат берілген жағдайлардан басқа уақытта) пайдалануларына мүмкіндіктерінің жоқ екендігіне көз жеткізіледі. Олардың жұмыс уақытында бір-біріне көмектесулеріне, көшіріп алуларына және сөйлесулеріне болмайтындығы ескертіледі.

Білім алушыларға дұрыс емес жауапты өшіргішпен өшірудің орнына, қарындашпен сызып қою ұсынылады.

Жұмыс барысында нұсқаулыққа немесе жұмыстың ұзақтығына қатысты білім алушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беруге болады. Жекелеген білім алушыларға көмек беруге негізделген кез келген ақпаратты оқуға, айтуға, өзгертіп айтуға немесе көрсетуге тыйым салынады.

Тоқсандық жиынтық бағалаудың аяқталуына 5 минут уақыт қалғандығын үнемі хабарлап отыру қажет.

Тоқсандық жиынтық бағалау аяқталғаннан кейін білім алушылардан жұмыстарын тоқтатып, қалам/қарындаштарын партаның үстіне қоюларын өтіну керек.

6. Модерация және балл қою

Барлық мұғалімдер балл қою кестесінің бірдей нұсқасын қолданады. Модерация үдерісінде бірыңғай балл қою кестесінен ауытқушылықты болдырмау үшін жұмыс үлгілерін балл қою кестесіне сәйкес тексеру қажет.

3-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР



«Өнер» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау

Бөлімше	1.4 Денсаулық пен қауіпсіздік 3.5 Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттілік және патриотизм 3.2 Қазақстанның тарихи тамырлары
Оқу мақсаты	3.1.4.1 Тұрмыстық құралдарды пайдалану ережелерін графикалық түрде көрсету 3.3.5.1 Қазақстанның бейресми рәміздерінің мәнін түсіндіру («Алтын адам», «Бәйтерек» монументі, «Мәңгілік ел» қақпасы). 3.3.2.1 Түрлі материалдарды зерделеу арқылы түркілердің өмір салтын анықтау
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">• Тұрмыстық құралдарды қолдану ережелерін бейнелеп көрсетеді• Қазақстанның бейресми рәміздерінің мағынасын сипаттайды• Көне түркі халқының өмір салтын сипаттайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну Қолдану
Орындау уақыты	20минут

1-тапсырма

Электр құралдарын қолдану ережелеріне сәйкес болатын 2 сурет сал.

1. Үйден шығарда электр құралдарын сөндіріп жүр.
2. Тоқ көзіне бөтен заттарды салма.



2-тапсырма

«Мәңгілік ел» қақпасының босағасындағы мүсіндер қандай мағынаны білдіреді? Жаз.

«Ақсақал» мүсіні –



«Әйел-Ана» мүсіні –

3-тапсырма

Мәтінді түсініп оқы. Мәтінге сүйеніп, түркі халықтарының өмір салтын сипаттайтын 3 тұжырым жаз.

Ежелгі түркілер батыс және шығыс болып екіге бөлініп, өмір сүрген. Шығыста көшпелі өмір салтын ұстанып, киіз үйлерде тұрды. Олар мал шаруашылығымен айналысқан. Батыста отырықшы болып, жер жыртумен, саудамен, қолөнермен айналысқан. Ежелгі түріктердің жазба мәдениеті, көне жазуы болған. Олар ата- баба рухына, отқа, көк бөріге табынған. Олар отты әртүрлі аурулардан, жаман ойлардан тазалаушы деп сенген.

- 1) _____
- 2) _____
- 3) _____

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Тұрмыстық құралдарды қолдану ережелерін бейнелеп көрсетеді	1	электр құралдарын қолданудағы қауіпсіздік ережелерін бейнелейді: 1-сурет 2- сурет	1 1
Қазақстанның бейресми рәміздерінің мағынасын сипаттайды	2	бейресми рәміз элементтерінің мағынасын сипаттайды; 1-элемент 2- элемент	1 1
Көне түркі халқының өмір салтын сипаттайды	3	түркілердің өмір салтын сипаттайды: 1- тұжырым 2- тұжырым 3- тұжырым	1 1 1
Барлығы			7

**«Өнер» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға
ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Тұрмыстық құралдарды қолдану ережелерін бейнелеп көрсетеді	1	Электр құралдарын пайдалану ережелерін бейнелеп көрсетуде қиналады. <input type="checkbox"/>	Электр құралдарын пайдалану ережелерін бейнелеп көрсетуде қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Электр құралдарын пайдалану ережелерін бейнелеп көрсетеді. <input type="checkbox"/>
Қазақстанның бейресми рәміздерінің мағынасын сипаттайды	2	Қазақстанның бейресми рәміздерінің мағынасын сипаттауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Қазақстанның бейресми рәміздеріндегі бірінші/екінші элементтің мағынасын сипаттауда қателеседі. <input type="checkbox"/>	Қазақстанның бейресми рәміздерінің мағынасын дұрыс сипаттайды. <input type="checkbox"/>
Көне түркі халқының өмір салтын сипаттайды	3	Түркі халықтарының өмір салтын сипаттауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Түркі халықтарының өмір салтын сипаттауда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Түркі халықтарының өмір салтын сипаттайды. <input type="checkbox"/>

«Атақты тұлғалар» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау

Бөлімше	3.3 Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғалар 3.4 Көрнекті тарихи тұлғалар және мәдениет қайраткерлері
Оқу мақсаты	3.3.3.1 Қазақ хандығының құрылу себептерін түсіндіру 3.3.4.1 Тарихи мысалдар негізінде хандар, батырлар мен билердің рөлін түсіндіру 3.3.4.2 Тарихи мысалдар негізінде қазақ халқының азаттығы үшін күрескен тұлғалардың рөлін шығармашылық түрде көрсету
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">• Қазақ хандығының құрылу себептерін анықтайды• Хандар, батырлар, билердің тарихтағы рөлін сипаттайды• Қазақ халқының азаттығы үшін күрескен тұлғаларды атайды және тарихтағы рөлін сипаттайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну Қолдану
Орындау уақыты	20 минут

1- тапсырма

Қазақ хандығының құрылуна себеп болған 3 тұжырымды анықтап, белгіле (✓)

- 1) Керей мен Жәнібек хандардың халықты бастап Жетісуға көшуі
- 2) Халықтың Әбілқайыр ханның билігіне қарсылық көрсетуі
- 3) Қазақ еліндегі егін шаруашылығының дамуы
- 4) Халықтан үлкен салық жиналып, қысым көрсетілуі

2-тапсырма

Ұлы тұлғалардың қоғамдағы рөлін сипатта. Кестені толтыр.

Ұлы тұлғалар	Негізгі міндеттері
Хандар	
Билер	
Батырлар	

3-тапсырма

Қазақ халқының тәуелсіздігі үшін күрескен тұлғалардың біреуін ата. _____

- Ол туралы не білесің? Жаз.

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Қазақ хандығының құрылу себептерін анықтайды	1	қазақ хандығының құрылу себептерін анықтайды: 1-тұжырым 2-тұжырым 3-тұжырым	1 1 1
Хандар, батырлар, билердің тарихтағы рөлін сипаттайды	2	қазақ қоғамындағы хандардың рөлін сипаттайды;	1
		қазақ қоғамындағы билердің рөлін сипаттайды;	1
		қазақ қоғамындағы батырлардың рөлін сипаттайды.	1
Қазақ халқының азаттығы үшін күрескен тұлғаларды атайды және тарихтағы рөлін сипаттайды	3	азаттық үшін күрескен тұлғаны атайды;	1
		атақты тұлғаның тарихтағы рөлін сипаттайды.	1
Барлығы			8

«Атақты тұлғалар» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Қазақ хандығының құрылу себептерін анықтайды	1	Қазақ хандығының құрылу себептерін анықтауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Қазақ хандығының құрылу себептерін анықтауда қателеседі. <input type="checkbox"/>	Қазақ хандығының құрылу себептерін дұрыс анықтайды. <input type="checkbox"/>
Хандар, батырлар, билердің тарихтағы рөлін сипаттайды	2	Ұлы тұлғалардың қоғамдағы рөлін сипаттауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Хандардың/батырлардың/билердің қоғамдағы рөлін сипаттауда қателеседі. <input type="checkbox"/>	Ұлы тұлғалардың қоғамдағы рөлін дұрыс сипаттайды. <input type="checkbox"/>
Қазақ халқының азаттығы үшін күрескен тұлғаларды атайды және тарихтағы рөлін сипаттайды	3	Қазақ халқының азаттығы үшін күрескен тұлғаны атауда және оның тарихтағы рөлін сипаттауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Қазақ халқының азаттығы үшін күрескен тұлғаны атауда/ оның тарихтағы рөлін сипаттауда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Қазақ халқының азаттығы үшін күрескен тұлғаны атайды және оның тарихтағы рөлін сипаттайды. <input type="checkbox"/>

3-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУДЫҢ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

1. Тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мақсаты

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы оқубағдарламасының мазмұнына сәйкес білім алушылардың оқу мақсаттарына жеткендігін тексеруге және тоқсан барысында меңгерген білім, білік және дағдыларын анықтауға бағытталған.

Спецификация 3-сыныпта «Дүниетану» пәнінен тоқсандық жиынтық бағалаудың мазмұны мен өткізу рәсімін сипаттайды.

2. Тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мазмұнын анықтайтын құжаттар

«Дүниетану» пәні бойынша (орта білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы) бастауыш мектепке арналған оқу бағдарламасы (1 - 4-сыныптар).

3. 3-тоқсан бойынша жиынтық бағалауға шолу

3.1 Ұзақтығы – 40 минут

Балл саны - 16

3.2 Жиынтық бағалаудың құрылымы

Тоқсан бойынша жиынтық бағалауда әртүрлі: көп таңдауы бар, қысқа және толық жауапты қажет ететін тапсырмалар қолданылады.

Көп таңдауы бар тапсырмаларда білім алушы ұсынылған жауап нұсқаларынан дұрысын таңдайды.

Қысқа жауапты қажет ететін тапсырмаларға білім алушы сөздер немесе сөйлемдер түрінде жауап береді.

Толық жауапты қажет ететін тапсырмаларда максималды балл жинау үшін білім алушыдан тапсырманың шешімін табудың әр қадамын анық көрсетуі талап етіледі.

Тапсырма бірнеше құрылымдық бөліктерден/сұрақтардан тұруы мүмкін.

Берілген нұсқа көп таңдауы бар, қысқа және толық жауапты қажет ететін 5 тапсырмадан тұрады.


Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы

№	Ортақ тақырып	Бөлімше	Оқу мақсаты	Тапсырманың сипаттамасы	Тапсырма саны	Жалпы балл
1	Өнер	1.1 Менің отбасым	3.1.1.3 Өз әулетінің құндылықтарын анықтау	Білім алушы ашық түрдегі қысқа жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	3
		1.4 Денсаулық пен қауіпсіздік	3.1.4.1 Тұрмыстық құралдарды пайдалану ережелерін графикалық түрде көрсету	Білім алушы ашық түрдегі қысқа жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	2
		3.5 Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттілік және патриотизм	3.3.5.1 Қазақстанның бейресми рәміздерінің мәнін түсіндіру («Алтын адам», «Бәйтерек» монументі, «Мәңгілік ел» қақпасы)	Білім алушы жабық түрдегі сәйкестендіруге берілген тапсырманы орындайды.	1	4
2	Атақты тұлғалар	3.2 Қазақстанның тарихи тамырлары	3.3.2.1 Түрлі материалдарды зерделеу арқылы түркілердің өмір салтын анықтау	Білім алушы ашық түрдегі қысқа жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	4
		3.4 Көрнекті тарихи тұлғалар және мәдениет қайраткерлері	3.3.4.1 Тарихи мысалдар негізінде хандар, батырлар мен билердің рөлін түсіндіру	Білім алушы жабық түрдегі сәйкестендіруге берілген тапсырманы орындайды.	1	3
Барлығы					5	16

4. Тапсырма үлгілері және балл қою кестесі

«Дүниетану» пәнінен 3-тоқсанға арналған жиынтық бағалаудың тапсырмалары

1. Өз отбасыңның құндылықтарын анықта. Сызбаны толтыр.



[3]

2. Электр құралдарын қолдануға қатысты 1 ереже құрастырып жаз. Ережені суретпен немесе шартты белгімен бейнелеп көрсет.

Ереже	Сурет/шартты белгі

[2]

3. «Бәйтерек» монументі элементтерінің мағынасын сипаттайтын тіркестерді тауып, сәйкестендір.

«Бәйтерек» монументі	ұлттың тамыр жаюы
97 метр биіктік	«Өмір ағашы» деген ұғым
Монументтің жер асты бөлігі	ұлттың өркендеу кезеңдері
Ортаңғы және жоғарғы бөліктері	елорданың Алматыдан ауысқан уақыты

[4]

4. Көне түркі халқы туралы не білесің? Кестені толтыр.

Өмір салты	Шаруашылығы	Мәдениеті	Наным-сенімі

[4]

5. Дұрыс сөйлем құрау үшін тиісті бөліктерді сәйкестендір.

- | | |
|----------------------------|--|
| 1) Жәнібек пен Керей - ... | a) елі мен жерін жаудан қорғаған |
| 2) Қазыбек би - ... | b) алғашқы Қазақ хандығын құрған |
| 3) Бөгенбай батыр - ... | c) дауласу кезінде әділ шешім шығарған |

[3]

Балл қою кестесі

№	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
1	<i>Білім алушының ықтимал жауабы:</i> қамқорлық/сыйластық/жауапкершілік/қайырымдылық/ үлкенге құрмет көрсету/ бір-бірін қолдау/көмектесу/ бірігіп еңбек ету/ бірге демалу	3	Тапсырманың мазмұнына сәйкес баламалы жауаптар қабылданады. Әр дұрыс жауапқа 1 балл қойылады.
2	Үтікті қосулы күйде қалдырма/жалаң сымдарды қолыңмен ұстама/тоқ көзіне үшкір заттарды салма/тоққа қосылған құралдарды қараусыз қалдырма/	2	Электр құралдарын қауіпсіз қолдануға қатысты ереже құрастырады – 1 балл; Ережені графикалық түрде бейнелейді– 1 балл.
3		4	Әр дұрыс сәйкестікке 1 балл қойылады.
4	Көшпелі, отырықшы	1	Тапсырманың мазмұнына сәйкес баламалы дұрыс жауаптар қабылданады.
	Мал шаруашылығымен/ сауда -саттықпен /егіншілікпен	1	
	Көне жазуы/руна жазуы/ қолөнерімен	1	
	Күн мен Айға/ ата- баба рухына/отқа/ көк бөріге/көк тәңірге табынған/отты жамандықтан тазалаушы деп сенген	1	
5	<p>1) Жәнібек пен Керей - ... → а) елі мен жерін жаудан қорғаған</p> <p>2) Қазыбек би - ... → б) алғашқы Қазақ хандығын құрған</p> <p>3) Бөгенбай батыр - ... → в) дауласу кезінде әділ шешім шығарған</p>	3	Әр дұрыс сәйкестікке 1 балл қойылады.
Барлығы		16	

5. Тоқсан бойынша жиынтық бағалауды өткізу ережелері

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау кезінде кабинетіңіздегі көмек ретінде қолдануға мүмкін болатын кез келген көрнекі құралдарды (диаграммалар, кестелер, постерлер, плакаттар немесе карталарды) жауып қойған дұрыс.

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау басталмас бұрын алғашқы бетінде жазылған нұсқау оқылып, білім алушыларға жұмыстың орындалу ұзақтығы хабарланады. Білім алушыларға жұмыс барысында бір-бірімен сөйлесулеріне болмайтындығы ескертіледі. Нұсқаулықпен

таныстырып болғаннан кейін білім алушыларға тоқсан бойынша жиынтық бағалау басталғанға дейін түсінбеген сұрақтарын қоюға болатындығы туралы айтылады.

Білім алушылардың жұмысты өздігінен орындап жатқандығына, жұмысты орындау барысында көмек беретін қосымша ресурстарды, мысалы: сөздіктер немесе калькуляторлар (спецификацияда рұқсат берілген жағдайлардан басқа уақытта) пайдалануларына мүмкіндіктерінің жоқ екендігіне көз жеткізіледі. Олардың жұмыс уақытында бір-біріне көмектесулеріне, көшіріп алуларына және сөйлесулеріне болмайтындығы ескертіледі.

Білім алушыларға дұрыс емес жауапты өшіргішпен өшірудің орнына, қарындашпен сызып қою ұсынылады.

Жұмыс барысында нұсқаулыққа немесе жұмыстың ұзақтығына қатысты білім алушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беруге болады. Жекелеген білім алушыларға көмек беруге негізделген кез келген ақпаратты оқуға, айтуға, өзгертіп айтуға немесе көрсетуге тыйым салынады.

Тоқсандық жиынтық бағалаудың аяқталуына 5 минут уақыт қалғандығын үнемі хабарлап отыру қажет.

Тоқсандық жиынтық бағалау аяқталғаннан кейін білім алушылардан жұмыстарын тоқтатып, қалам/қарындаштарын партаның үстіне қоюларын өтіну керек.

6. Модерация және балл қою

Барлық мұғалімдер балл қою кестесінің бірдей нұсқасын қолданады. Модерация үдерісінде бірыңғай балл қою кестесінен ауытқушылықты болдырмау үшін жұмыс үлгілерін балл қою кестесіне сәйкес тексеру қажет.

4-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

« Су – тіршілік көзі» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау

Бөлімше	1.2 Климат және ауа-райы 1.3 Табиғи жағдайлар және олардың әсері 1.4 Денсаулық пен қауіпсіздік
Оқу мақсаты	3.2.2.1 Жер климатының негізгі түрлерінің сипаттамаларын анықтау 3.2.3.2 Геологиялық және табиғи-климаттық апаттар туындаған жағдайдағы өзін-өзі ұстау ережелерін құрастыру 3.1.4.3 Түрлі дереккөздер негізінде табиғи ортадағы қауіп-қатерлерді анықтау және бағалау
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">• Сипаттамасы бойынша климаттың негізгі түрлерін анықтайды• Табиғи апаттар кезіндегі қауіпсіздік ережелерін құрастырады• Табиғи ортадағы қауіп-қатерлерді анықтайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану
Орындау уақыты	20 минут

1-тапсырма

Суретте бейнеленген климаттық белдеулердің атауын жаз.



1) _____

2) _____

- Климаттық белдеудің біреуін сипаттап жаз.

2-тапсырма

Сурет бойынша су тасқыны кезіндегі өзін-өзі ұстау ережелерін жаз.



1)




2)

1) _____

2) _____

3-тапсырма

Суретке мұқият қара. Табиғи ортадағы демалыс кезінде балалар қандай қауіп-қатерлерге кездесуі мүмкін? 2 мысал келтір.



1) _____

2) _____

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Сипаттамасы бойынша климаттың негізгі түрлерін анықтайды	1	суретке сәйкес климаттық белдеулерді атайды:	
		1-сурет	1
		2-сурет	1
		климаттық белдеуді сипаттайды;	1
Табиғи апаттар кезіндегі қауіпсіздік ережелерін құрастырады	2	су тасқыны кезіндегі өзін-өзі ұстау ережелерін құрастырады:	
		1-ереже	1
		2-ереже	1
Табиғи ортадағы қауіп-қатерлерді анықтайды және бағалайды	3	табиғи ортадағы қауіп-қатерлерді анықтайды:	
		1-мысал	1
		2-мысал	1
Барлығы			7

«Су-тіршілік көзі» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Сипаттамасы бойынша климаттың негізгі түрлерін анықтайды	1	Климаттық белдеулерді ажыратуда және сипаттауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Экваторлық/полярлық белдеулерді ажыратуда/ сипаттауда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Климаттық белдеулерді дұрыс ажыратады және сипаттайды. <input type="checkbox"/>
Табиғи апаттар кезіндегі қауіпсіздік ережелерін құрастырады	2	Су тасқыны кезіндегі өзін-өзі ұстау ережелерін құрастыруда қиналады. <input type="checkbox"/>	Су тасқыны кезіндегі өзін-өзі ұстау ережелерін құрастыруда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Су тасқыны кезіндегі өзін-өзі ұстау ережелерін дұрыс құрастырады. <input type="checkbox"/>
Табиғи ортадағы қауіп-қатерлерді анықтайды	3	Табиғи ортадағы қауіп-қатерлерді анықтауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Табиғи ортадағы қауіп-қатерлерді анықтауда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Табиғи ортадағы қауіп-қатерлерді дұрыс анықтайды. <input type="checkbox"/>

«Демалыс мәдениеті. Мерекелер» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау

Бөлімше	1.2 Мектеп және мектеп қоғамдастығы 1.1 Мен және менің отбасым
Оқу мақсаты	3.1.2.3 Қоғамда өзін-өзі ұстау әдеп нормаларын түсіндіру 3.1.1.5 Өз шығындарын оңтайландыру жолдарын ұсыну
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">• Қоғамдық орындардағы тәртіп ережелерін атайды• Өз шығындарын оңтайландыру жолдарын сипаттайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану Жоғары деңгей дағдылары
Орындау уақыты	20 минут

1-тапсырма

Суреттерге мұқият қара. Қоғамдық орындардағы өзін-өзі ұстау ережелерін құрастырып жаз.



Кітапханада



Мектепте



Қоғамдық көлікте



Көшеде

- 1) _____
- 2) _____
- 3) _____
- 4) _____

2-тапсырма

Сұрақтарға жауап жаз.

Балаларға ақша ұстаудың қандай қажеттілігі бар?

Өз шығындарыңды қалай қысқартуға болады? Ақшаны үнемдеудің 2 тәсілін жаз.

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Қоғамдық орындардағы тәртіп ережелерін атайды	1	кітапханадағы тәртіп ережесін сипаттайды;	1
		көшедегі тәртіп ережесін сипаттайды;	1
		мектептегі тәртіп ережесін сипаттайды;	1
		қоғамдық көліктегі тәртіп ережесін сипаттайды;	1
Өз шығындарын оңтайландыру жолдарын сипаттайды	2	сұраққа сәйкес пікірін айтады;	1
		қаражатты үнемдеу тәсілдерін ұсынады: 1-тәсіл	1
		2-тәсіл	1
Барлығы			7

«Демалыс мәдениеті. Мерекелер» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерий	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Қоғамдық орындардағы тәртіп ережелерін атайды	1	Қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау нормаларына қатысты ереже құрастыруда қиналады. <input type="checkbox"/>	Кітапханада/мектепте/көшеде/қоғамдық көліктердегі өзін-өзі ұстау ережелерін құрастыруда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау нормаларына қатысты ережелер құрастырады. <input type="checkbox"/>
Өз шығындарын оңтайландыру жолдарын сипаттайды	2	Өз шығындарын оңтайландыру жолдарын ұсынуда қиналады. <input type="checkbox"/>	Өз шығындарын оңтайландыру жолдарын ұсынуда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Өз шығындарын оңтайландыру жолдарын ұсынады. <input type="checkbox"/>

4-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУДЫҢ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

1. Тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мақсаты

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы оқубағдарламасының мазмұнына сәйкес білім алушылардың оқу мақсаттарына жеткендігін тексеруге және тоқсан барысында меңгерген білім, білік және дағдыларын анықтауға бағытталған.

Спецификация 3-сыныпта «Дүниетану» пәнінен тоқсандық жиынтық бағалаудың мазмұны мен өткізу рәсімін сипаттайды.

2. Тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мазмұнын анықтайтын құжаттар

«Дүниетану» пәні бойынша (орта білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы) бастауыш мектепке арналған оқу бағдарламасы (1 - 4-сыныптар).

3. 4-тоқсан бойынша жиынтық бағалауға шолу

3.1 Ұзақтығы – 40 минут

Балл саны - 16

3.2 Жиынтық бағалаудың құрылымы

Тоқсан бойынша жиынтық бағалауда әртүрлі: көп таңдауы бар, қысқа және толық жауапты қажет ететін тапсырмалар қолданылады.

Көп таңдауы бар тапсырмаларда білім алушы ұсынылған жауап нұсқаларынан дұрысын таңдайды.

Қысқа жауапты қажет ететін тапсырмаларға білім алушы сөздер немесе сөйлемдер түрінде жауап береді.

Толық жауапты қажет ететін тапсырмаларда максималды балл жинау үшін білім алушыдан тапсырманың шешімін табудың әр қадамын анық көрсетуі талап етіледі.

Тапсырма бірнеше құрылымдық бөліктерден/сұрақтардан тұруы мүмкін.

Берілген нұсқа көп таңдауы бар, қысқа және толық жауапты қажет ететін 5 тапсырмадан тұрады.

Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы

№	Ортақ тақырып	Бөлімше	Оқу мақсаты	Тапсырманың сипаттамасы	Тапсырма саны	Жалпы балл
1	Су – тіршілік көзі	2.2 Климат және ауа-райы	3.2.2.1 Жер климатының негізгі түрлерінің сипаттамаларын анықтау	Білім алушы жабық түрдегі көп таңдауы бар тапсырманы орындайды.	1	2
		2.3 Табиғи жағдайлар және олардың әсері	3.2.3.1 Адамдардың табиғи жағдайларға байланысты орналасуын талдау (рельеф, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су нысандары)	Білім алушы ашық түрдегі толық жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	2
		1.4 Денсаулық пен қауіпсіздік	3.1.4.4 Өзінің табиғи ортадағы қауіпсіздігін жоспарлау		1	4
2	Демалыс мәдениеті Мерекелер	1.6 Мерекелер	3.1.6.1 Зерттеулер негізінде Қазақстан халықтарының ұлттық мерекелерін шығармашылық түрде ұсыну	Білім алушы жабық түрдегі сәйкестендіруді қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	4
		1.4 Денсаулық пен қауіпсіздік	3.1.4.2 Спорт түрлерін топтастыру, спорттың қандай да бір түрімен айналысу үшін қажетті негізгі және өзінің қабілеттерін анықтау	Білім алушы ашық түрдегі толық жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды	1	4
Барлығы					5	16

4. Тапсырма үлгілері және балл қою кестесі

«Дүниетану» пәнінен 4-тоқсанға арналған жиынтық бағалаудың тапсырмалары

1. Дұрыс жауапты белгіле.

- Белгілі бір жердегі ауа райының көпжылдық режимі қалай аталады?
 - A) климат
 - B) ауа райы
 - C) жауын-шашын
 - D) табиғи құбылыс

[1]

- Сипаттамасы бойынша климаттық белдеудің түрін анықта.

Жазы салқын. Қысы суық. Жауын-шашын аз. Булану төмен. Жер бетін қар мен мұз басып жатады.

- A) қоңыржай
- B) тропиктік
- C) полярлық
- D) экваторлық

[1]

2. Адамдарға қандай жерлерде тұру қолайлы? 2 мысал келтір.

- 1) _____
- 2) _____

[2]

3. Суға шомылу кезінде қандай қауіпсіздік ережелерін сақтау керек? Сурет бойынша 4 ереже құрастырып жаз.



[4]

4. Мереке атауларын олардың түрімен сәйкестендір.

Наурыз мейрамы

Мұғалімдер күні

Конституция күні

Тәуелсіздік күні

мемлекеттік мереке

ұлттық мереке

кәсіби мереке

[4]

5. Жазғы спорт түрін бейнелейтін суреттерді белгіле (✓)



• Спортпен айналысудың маңызы қандай? 2 себебін жаз.

1) _____

2) _____

[4]

Балл қою кестесі

Тапсырма №	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
1	А	1	
2	С	1	
3	<i>Білім алушының ықтимал жауабы:</i> Климаты қолайлы аймақтарда/табиғат байлықтары мол жерлерде/ өзен жағауларында/топырағы құнарлы жерлерде/ауыл шаруашылығымен, мал өсірумен айналысуға қолайлы жерлерде/...	2	Тапсырманың мазмұнына сәйкес баламалы, қысқа және толық жауаптар қабылданады. Әр дұрыс жауапқа 1балл қойылады.
4	<i>Білім алушының ықтимал жауаптары:</i> 1)Тыйым салынған жерде шомылма/...	1	Суреттің мазмұнына сәйкес баламалы, қысқа және толық жауаптар қабылданады.
	2)Таныс емес жерде суға секірме/...	1	
	3) Суға жақын жерде ойнама/...	1	
	4)Арнайы орындарда ғана шомыл/ Күн өтіп кетуден, дененің суынуынан сақтан/...	1	
5		4	Әр дұрыс сәйкестікке 1 балл қойылады.
6		2	Әр дұрыс жауапқа 1 балл қойылады.
	<i>Білім алушының ықтимал жауабы:</i> Денсаулығын нығайту үшін/жақсы көңіл күй үшін/дене сымбатын қалыптастыру үшін/дене салмағын қалыпты ұстау үшін/салауатты өмір салтын ұстану үшін	2	Тапсырманың мазмұнына сәйкес баламалы, қысқа және толық жауаптар қабылданады. Әр дұрыс жауапқа 1 балл қойылады.
Барлығы		16	

5. Тоқсан бойынша жиынтық бағалауды өткізу ережелері

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау кезінде кабинетіңіздегі көмек ретінде қолдануға мүмкін болатын кез келген көрнекі құралдарды (диаграммалар, кестелер, постерлер, плакаттар немесе карталарды) жауып қойған дұрыс.

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау басталмас бұрын алғашқы бетінде жазылған нұсқау оқылып, білім алушыларға жұмыстың орындалу ұзақтығы хабарланады. Білім алушыларға жұмыс барысында бір-бірімен сөйлесулеріне болмайтындығы ескертіледі. Нұсқаулықпен таныстырып болғаннан кейін білім алушыларға тоқсан бойынша жиынтық бағалау басталғанға дейін түсінбеген сұрақтарын қоюға болатындығы туралы айтылады.

Білім алушылардың жұмысты өздігінен орындап жатқандығына, жұмысты орындау барысында көмек беретін қосымша ресурстарды, мысалы: сөздіктер немесе калькуляторлар (спецификацияда рұқсат берілген жағдайлардан басқа уақытта) пайдалануларына мүмкіндіктерінің жоқ екендігіне көз жеткізіледі. Олардың жұмыс уақытында бір-біріне көмектесулеріне, көшіріп алуларына және сөйлесулеріне болмайтындығы ескертіледі.

Білім алушыларға дұрыс емес жауапты өшіргішпен өшірудің орнына, қарындашпен сызып қою ұсынылады.

Жұмыс барысында нұсқаулыққа немесе жұмыстың ұзақтығына қатысты білім алушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беруге болады. Жекелеген білім алушыларға көмек беруге негізделген кез келген ақпаратты оқуға, айтуға, өзгертіп айтуға немесе көрсетуге тыйым салынады.

Тоқсандық жиынтық бағалаудың аяқталуына 5 минут уақыт қалғандығын үнемі хабарлап отыру қажет.

Тоқсандық жиынтық бағалау аяқталғаннан кейін білім алушылардан жұмыстарын тоқтатып, қалам/қарындаштарын партаның үстіне қоюларын өтіну керек.

6. Модерация және балл қою

Барлық мұғалімдер балл қою кестесінің бірдей нұсқасын қолданады. Модерация үдерісінде бірыңғай балл қою кестесінен ауытқушылықты болдырмау үшін жұмыс үлгілерін балл қою кестесіне сәйкес тексеру қажет.